**Автор**: Балмұқанов Нұрболат Қобыланұлы
**Пән**: Көркем еңбек
**Сынып**: 9-сынып
**Бөлім**: Дизайн және технология
**Тақырып**: Сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы, сызбасы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 9.1.5.1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау; 9.1.5.2 әр түрлі графика тәсілдерін қолдану арқылы (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып) өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құру |
| Сабақтың мақсаты: | 1. Күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жинақтайды. 2. Әр түрлі графика тәсілдерін қолданады.(оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады). 3. Өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құрады. |
| Тілдік мақсаттар: | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: пішіндер, дизайн, графика тәсілдері т.б. |
| Күтілетін нәтиже: | Білу және түсіну, қолдану. Жоғары деңгей дағдылары |
| Бағалау критерийлері: | - Күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындайды. - Әр түрлі графика тәсілдерін қолданады.. - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады. - Өз бетінше графикалық және технологиялық құжатты құрады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет көрсетуге баулу Қоршаған ортаға деген оң көзқарасын дамыту. ( ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ ). |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | АКТ қолдануда қауіпсіздік шараларын еске түсіре отырып оны сақтау . |
| Пәнаралық байланыс: | Информатика- ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады. Өзін-өзі тану- өзіндік баға беріп, өз көзқарасын білдіреді. |
| Бастапқы білім: | Сәулет өнерінің үздік туындылары. Заманауи сәулет өнері. Қазақстан сәулет өнері. (заманауи және тарихи) |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Сабақ барысында: Оқушылармен амандасу, түгендеу. Оқушылардың зейінін шоғырландыру. С. Қызығушылықты ояту «Миға шабуыл» әдісі - Бұл қай қала? - Суреттегі қандай ғимараттар ? -Бұл ғимараттар қалай салынады?(бірден салына ма,әлде жобалана ма? - Сәулет өнер туралы не білесіздер? Ендеше,бүгінігі сабағымыздың тақырыбы: Сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы ,сызбасы | Интербелсенді тақта арқылы суреттер |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30 минут) | 1-тапсырма Ж. "Менің болашақ..." (қиялға ерік беру). Оқушыларға ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдана отырып, қазіргі заманауи үлгідегі үйлердің немесе ғимараттардың нобайын / қасбетін/ сызбасын орындап, өз жұмыстарын қорғайды. Бағалау критерийі: - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану. - Қазіргі заманауи үлгідегі үйлер мен ғимараттардың нобайын / қасбетін/ сызасын орындау. - Оқушылар өз жұмыстарын қорғау. Дескриптор: - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданады. - Қазіргі заманауи үлгідегі үйлердің немесе ғимараттардың нобайын / қасбетін/ сызады. - Өз жұмыстарын қорғайды. ҚБ. « Жарайсыңдар» /бірін-бірі бағалау/ 2-тапсырма. ТЖ «Сұраққа жетіп ал» әдісі. Сәулет өнеріне сипаттама беру; Сәулет өнерінің 3 қасиетін ата; Ақпарат көздерін пайдалану арқылы оқулықта берілген суреттегі сәулет ескерткіштеріне таныстырылым жасау; Бағалау критерийі: - Сәулет өнері жайлы білу; - Сәулет өнерініңқасиеттерін талдау; - Ақпарат көздерінің тиімді жолдарын пайдаланау;Дескриптор: - Оқушылар сәулет өнері туралы біледі; - Сәулет өнерініңқасиеттерін талдайды; - Ақпарат көздерін тиімді пайдаланады; ҚБ «Екіжұлдыз, бір тілек» /Жұптар бірін-бірі бағалалайды /өзі таңдаған жұпқа/ | А3 қағаз, қарындаш, компьютер Кесте-сызба |
| Сабақтың соңы (3 минут) | Саралаудың әдістерін «Миға шабуыл» және «Сұраққа жетіп ал» әдістерін қолданамын. «БББ» кестесі бойынша рефлексия жасап қорытындыланады. Бұл әдіс – тәсілдер арқылы оқушылар ойын еркін жеткізе отырып, жекелей, топтасып сұрақтарға жауап береді. Тақырыптың өзектілігін айқындайды, көзқарасын білдіреді. Нәтижесінде оқушы оқу мақсатына қол жеткізеді | А3 қағаз, қарындаш, компьютер Кесте-сызба |
| Рефлексия (2 минут) | Рефлексия "БББ" кестесі Білетінім Білгенім Білгім келеді | |